(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

доска объявлений здания дома культуры

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением

итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»
Товарищество с ограниченной ответственностью "РУ-6" (БИН: 060440002000), +7(724)-327-94-05, zakhmetova@ru6.kazatomprom.kz,

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

«РУ-6» ЖПС

«2024 ЖЫЛГА № 1-1-2, 9-115-3, 6-8-1, 2025 ЖЫЛГА № 6-6-1, 5-4-1, 6-6-2, № 8-12-1, 8-12-2, 6-2-1, 6-2-2, 6-4-1, 6-4-2, 2-12-1, 2-14-2 2026 ЖЫЛГА АРНАЛҒАН БЛОКТАРДЫ
ЖАЙЛАСТЫРУҮҮШІН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ БӨЛІМІ» бойынша қоғамдық тыңдау хаттамасына қосымша

«14» мамыр 2025ж.

р/с №	Қатысушының аты-жөні/	Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, емлекеттік органның өкілі, Бастамашы)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференц- байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	Рахматкерұлы Қанаб	Шеңгіл кенті әкімі орынбасары	87021793855	жеке	
2	Мағжанбек Бектара	Шеңгіл кенті әкімі орынбасары	87787584175	жеке	
3	Жаңабекбаева Ж.	Шеңгіл кенті әкімі орынбасары	87758752378	жеке	
4	Қауашева Кира	Шеңгіл кенті әкімі орынбасары	87018678278	жеке	
5	Жаңабекбаева Ж.	Шеңгіл кенті әкімі орынбасары	87018610244	жеке	
6	Сыздықова Орман	Шеңгіл кенті әкімі орынбасары	87787584175	жеке	
7	Байменова Чубек	Шеңгіл кенті әкімі орынбасары	87787584175	жеке	
8	Аманжолбеков Әлім	Шеңгіл кенті әкімі орынбасары	87787584175	жеке	
9	Серікбеков Серік	Шеңгіл кенті әкімі орынбасары	87787584175	жеке	
10	Кеңесбаев Мұрат	Шеңгіл кенті әкімі орынбасары	87787584175	жеке	
11	Жаңабекбаева Ж.	Шеңгіл кенті әкімі орынбасары	87787584175	жеке	
12	Аманжолбеков Әлім	Шеңгіл кенті әкімі орынбасары	87787584175	жеке	
13	Бектара Бектара	Шеңгіл кенті әкімі орынбасары	87787584175	жеке	
14	Аманжолбеков Әлім	Шеңгіл кенті әкімі орынбасары	87787584175	жеке	
15	Аманжолбеков Әлім	Шеңгіл кенті әкімі орынбасары	87787584175	жеке	
16	Аманжолбеков Әлім	Шеңгіл кенті әкімі орынбасары	87787584175	жеке	
17	Аманжолбеков Әлім	Шеңгіл кенті әкімі орынбасары	87787584175	жеке	
18	Аманжолбеков Әлім	Шеңгіл кенті әкімі орынбасары	87787584175	жеке	
19	Аманжолбеков Әлім	Шеңгіл кенті әкімі орынбасары	87787584175	жеке	
20	Аманжолбеков Әлім	Шеңгіл кенті әкімі орынбасары	87787584175	жеке	

[illegible]



№24 (9291)
5 СӘУІР
СЕНБІ,
2025 ЖЫЛ

Маржаны Сырдың — Шиелі

Өскен өңір



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1939 жылдың 19 наурызынан бастап шығады



ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Сәуірдің алғашқы күні Шиелі ауданы әкімдігінде аудан әкімінің орынбасары Болат Ысмағұловтың төралығымен әлеуметтік және мәдени даму жөнінде идеологиялық актив отырысы өтті. Жиынға барлық бөлім басшылары мен кент және ауылдық округ әкімдері қатысты.

Идеологиялық активте «Жеңістің 80 жылдығына дайындық, ономастика мәселесі, «Адал адам» концепциясы, иесіз ескерткіштерді теңгерімге алу, спорт алаңдарының жағдайы, жеке мектептер мен бала бақша ғимараттарының жағдайы, денсаулық саласы және НЕЕТ санатындағы жастармен жұмыс тақырыптары бойынша жауапты сала мамандары баяндама жасады.

Жиын барысында аудан әкімінің орынбасары Б.Ысмағұлов баяндамашылар мен ауылдық округ әкімдерінің ұсыныс-пікірлерін тыңдап, бірқатар маңызды міндеттерді жүктеді.

— Жиында көтерілген тақырыптар бүгінгі күннің ең өзекті мәселелеріне айналып отыр. Бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыру, атқарылған жұмыстардың нәтижесін әлеуметтік желі парақшаларына тұрақты жариялап отыру қажет. Сонымен қатар кенттегі «ART Sport» үйірмелерінен босап қалған оқушыларды мәдениет және клуб үйлерінде өткізілетін тегін үйірмелерге орналастыру жағын қарастыру керек. Сондай-ақ ауылдық округ әкімдеріне ауылдарда өткізілетін жабайы көкпар, бәйге жарыстары туралы ақпаратты алдын-ала беруді, қауіпсіздікті қатаң сақтау бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізуді тапсырамын, — деп, алдағы уақытта атқарылатын ауқымды шараларға сәттілік тіледі.

Одан әрі әр саладағы жұмыс барысын саралаған идеологиялық актив отырысында, күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша сұрақтар қойылып, тиісінше бөлім басшылары жауап берді.

М.ИБРАГИМ



ПРОМЕТЕЙ

(Жазушы Серік Байхоновтың өмірден өткеніне жыл толды)

4-бетте

Ақпарат

ИНВЕСТИТОРЛАРДЫ ҚОЛДАУ — МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ



Экономика дамымай, әлеуметтік мәселелердің оң шешемін табуы қиынға соғатыны белгілі. Қазіргі кезде Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан инвестициялық үдеріс мемлекеттік-экономикалық дамуымыздың негізгі алғышартына айналып, еліміздегі реформаларды табысты іске асырудың нақты көзі болып отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттырып, шет мемлекеттерден қаржы көзін тартудың жаңа тетіктерін қарастыру жөнінде үнемі көтеріп, үкіметке бірқатар маңызды тапсырмаларды жүктеді.

Инвестиция — кез келген ұлттық экономиканың маңызды және қажетті қоры. Инвестициялық жобаларды іске асыру өндірісті жетілдіріп, сатылатын тауарлардың сапасын арттыру, сондай-ақ жұмыс орындарын көбейте отырып, тұрғындарды еңбекпен қамтамасыз етуге, сол арқылы халқымыздың өмір сүру деңгейінің өсуіне мол мүмкіндік береді. Сондай-ақ елімізде жүргізіліп жатқан инвестициялық үдерісті экономикалық пайда келтіретін және әлеуметтік саланың өркендеуіне жағдай жасайтын қызмет деп қарастыруымыз қажет.

Сол себепті инвестициялық қызметті жүзеге асыруда оның тиімділігін ескеріп, инвесторлардың жұмысын жан-жақты қолдап, құқықтық тұрғыдан қорғалуына ерекше мән беріліп келеді. Туындаған

мәселерді дер кезінде оңтайлы шешілуі жолында, олардың тұрақтылығын қамтамасыз етуде құқық қорғау органдарының, атап айтқанда, прокуратураның маңызы жоғары.

КҮН ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Апта басында Шиелі ауданының прокуроры Нұрбек Қаратаев, аудан әкімінің орынбасары Бағлан Сағындықов, аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Жомарт Ақбергенов заң және тәртіп аясында «ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КЕРУЕН» акциясын өткізіп, бірқатар нысандарды аралады. Инвестициялық керуеннің мақсаты — ауданымыздың экономикасын дамыту, жаңа жұмыс орындарын ашу және инвестициялық

тартымдылықты арттыру. Алдымен Еңбекші ауылдық округінде орналасқан «Тесис» ЖШС-ның қуаттылығы 40 МВт күн электр станциясының құрылысымен танысып, жауапты мамандармен кездесу өткізді.

Жоба құны 11,5 млрд теңгені құрайтын күн электр станциясының құрылыс басында Қытайдан арнайы келген мамандардан бөлек 85 жергілікті тұрғын еңбек етуде. Көбі Еңбекші, Бәйгекүм ауылының азаматтары. Жалпы 100 гектар жерде құрылыс жүріп жатыр. Мамандардың айтуынша, нысанның құрылысы тамыз айында толық аяқталып, қыркүйекте іске қосылады.

(Жалғасы 2-бетте)

Фестиваль

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

1 сәуір — халықаралық күлкі күніне орай белгілі сатирик, қоғам қайраткері Көпен Әмірбектің 75 жылдығына арналған «Шымкент думан» республикалық әзіл-сықақ фестивалі өтті. Шымкент қаласында екі күнге созылған думанды дода әзілсүйер қауымға ерекше көңіл-күй сыйлады. Іс-шараға Алматы қаласы, Түркістан, Қызылорда, Шығыс Қазақстан облыстарынан театр ұжымдары қатысты.



Фестиваль аясында қазақ сатира театры өнерінің қайраткері Бауыржан Ибрагимов бастаған, танымал сатирик жазушы Мұхтар Шерім, саланың майталман мамандары Берік Тұрсынбеков, Жұлдызай Дүйсенбиева қостаған қазылар алқасы бағалап, ең мықты ұжымдарды анықтады.

Нәтижесінде Көпен Әмірбектің «Пыш-пыш» атты әңгімесінің интерпретациясы мен өз репертуарындағы екі интермедияны көрермен назарына ұсынған шиелілік «Күлкістан» әзіл-сықақ театры бас жүлдеге ие болды. Ұжымға гран-при жүлдесінің дипломы мен 1 млн теңге көлеміндегі сыйақының сертификаты табысталды. Айта кетейік, «Күлкістан» театры 2008 жылы Қызылордада сатира актёрі Мағауия Қойбағаровтың жетекшілігімен құрылды. Бүгінде оның көркемдік жетекшісі шиелілік — Дархан Пірназар, әртістері — Дінмұхаммед Әбжаппар, Мұқан Омаров.

«Өскен өңір» ақпарат

ҚҰРАН, ҚОҒАМ
ЖӘНЕ ЗАҢ

2

ЖЕЛПІЛЕР ЖЕТЕГІНДЕГІ
ЖАС БУЫН

3

ҰЛТТЫҢ ҰЛАҒАТЫ —
АНА ТӘРБИЕСІНДЕ

4

Жиын



ПАРТИЯ АКТИВИ
БАСҚОСТЫ

Жақында «AMANAT» партиясы Шиелі аудандық филиалының көзектен тыс конференциясы өтті. Келелі жиынға аудандық мәслихат төрағасы М.Тұрабаев, «AMANAT» партиясы Шиелі аудандық филиалының төрағасы Б.Сыздық, Қызылорда облыстық мәслихатындағы депутаттық фракция мүшесі, облыстық мәслихат депутаты Д.Жұмбеков қатысты. Сондай-ақ басқосуға аудандық партия филиалының саяси кеңесі мен саяси кеңес бюросы мүшелері, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары мен белсенділері, аудандық мәслихаттағы «AMANAT» партиясының фракция жетекшісі мен мүшелері, бұқаралық ақпарат құралдары және жастар белсене атсалысып, пікірлерін білдірді.

Конференцияның күн тәртібіне сәйкес жиында «AMANAT» партиясы қоғамдық бірлестігінен Жөлек ауылдық округі әкімінің лауазымына кандидат ұсыну жайлы сөз қозғалды.

Кездесуді партияның аудандық филиалының төрағасы Болат Сыздық жүргізіп отырды. Қатысқан делегаттардың ашық дауыс беруі нәтижесінде Жөлек ауылдық округі әкімінің лауазымына кандидат ретінде Мейірбек Жолдасбеков ұсынылды. Ұсынылған кандидат аудандық сайлау комиссиясында тіркеуден өтеді. Жиын соңында ұсынылған мәселе толық қаралып, тиісті қаулылар қабылданды.

Айнұр ИБРАШЕВА

Заңгер бұрышы

Әлем бойынша Құранды зерттеген ғалымдардың «Ислам дінін» қабылдап, Құранға мойынұсыңғанын да естіп көріп жүрсіздер, себебі олардың математика, медицина, эмбрология, география, криминалистика және басқа да ғылымдар бойынша ашқан жаңалықтарының барлығы да 14 ғасыр бұрын түскен Құран көрімде баян етілген.

Яғни бұл дегеніміз қазіргі уақытта қоғамымызда «Құран кәрім тек қана жазана намазда немесе ас-құдайыларда ғана оқылады» деген пікірлердің толығымен күшін жоятындығын және Құран кәрімнің қоғамдағы болып жатқан жағдайлардың ажырамас бір бөлігінің дәлелі екенін көрсетеді.

Енді заңгер ретінде осы Құран кәрімде баяндалған азаматтық құқықтық қатынастар мен неке және отбасы туралы, әділдік жайындағы бірқатар сүрелердің қазіргі уақыттағы күнделікті пайдаланып жүрген заң нормаларындағы сәйкестіктеріне тоқталғым келеді.

Елімізде судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. Ал заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең. Ендеше, судьяның әділ төрелікті деп басып айтуы маңызды. Бұл туралы Құран кәрімінің Ән-Ниса сүресі, 58-аятында: «Негізінен Алла (Т.) сендерге аманаттарды өз лайықты орнына тапсыруларыңды және адамдардың арасына билік қылсаңдар, әділдікпен билік қылуларыңды әмір етеді. Расында, Алла сендерге нендей жақсы уағыз береді. Шәксіз Алла, толық естуші, тым қырағы».

Ән-Ниса сүресі,58-аятында : Әй мүміндер! Әділдікте мықты тұрып, егер өздеріңнің, әкешелеріңнің және жақындарыңның зиянына болса да, Алла үшін айғақ болыңдар; бай немесе кедей болса да. Өйткені Алла, екеуіне

ИНВЕСТОРЛАРДЫ ҚОЛДАУ –

МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ

(Басы 1-бетте)

Құрылыс алаңына арнайы барған аудан прокуроры Нұрбек Қаратаев жауапты мамандармен сұхбаттасып, инвестициялық жобаларды іске асыру кезеңінде проблемалық мәселелер туындаған жағдайда аудан прокуратурасына шағымдануға болатындығы және прокуратура органдарының тарапынан басқа да құқықтық көмек көрсетілетінін атап өтті.Сондай-ақ, инвесторлармен кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау аудандық прокуратураның ұдайы назарында екенін және инвестициялық жобаларды сүйемелдеу жұмыстары әрі қарай өз жалғасын табатынын тілге тиек етті.

КӘСІПОРЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОЛДА
ТАПҚАН

Бүгінде Шиелі ауданында бизнесті қорғау, құқықтық қолдау көрсету саласы қарқынды дамып келеді.Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, прокурорлық қадағалау кәсіпкерлердің және инвесторлардың мәселелерін тиімді шешуге бағытталған.

Инвестициялық жобаларды сүйемелдеудің басты мақсаты – оларды іске асырудың барлық сатысында инвесторларға құқықтық қолдау көрсету және қорғау. Ол да бірқатар сатылардан тұрады. Мысалы, нысан құрылысын бастау үшін мемлекеттік сараптама, сәулет, экологиялық бақылау және басқаларын қоса алғанда, түрлі инстанциядан 60-тан астам рұқсат талап етіледі.

Бұл құжаттарды дайындау, рұқсат алу жұмыстары бір жарым жылға дейін созылуы мүмкін. Кейде, тіпті кейбір мемлекеттік орган инфрақұрылымдарды пайдалануға рұқсат бермесе, екіншісі инвестордың жұмысын тоқтатады, сондай-ақ елімізде бұрын алған жерін қайтарып беруді талап еткен жағдайлар да кездеседі. Осындай мәселелер бойынша прокурорлар өздеріне жүктелген міндет аясында жұмысқа кірісіп, шенеуніктердің жұмысына құқықтық баға беріледі.

Мәселен, Шиелі кентінде «Transshipment 1» ЖШС өз есебінен «Күкірт қышқылын сақтау және тасымалдау» жұмыстарымен айналысатын кәсіпорынынан, аудан прокуратурасына кәсіпкерлік саласы бойынша мобильді топтың сенім телефонына «Transshipment 1» ЖШС-ның басшысы Бауыржан Тулегуловтан «сигнал» тіркелген.

6 сәуір – тергеу органдары қызметкерлерінің күні

КҮН-ТҮН ДЕМЕЙ ЕҢБЕКТЕНУДІ ТАЛАП ЕТЕДІ

Жыл сайын 6 сәуірде Қазақстанда тергеушілер күні аталып өтеді. Елімізде тергеу қызметінің қалыптасу және даму тарихы 1963 жылдан бастау алады.

Құқық қорғау саласында тергеушінің лауазымы – ол ең қиын және жауапты мамандық екенін атап өткеніміз жөн. Өйткені қылмыстың ашылуы осы қызметкерлерінің жұмысына байланысты. Бұл қызмет иелері учаскелік полицейлердің, жедел уәкілдерінің қылмыстарды ашу еңбектеріне нүкте қояды.

Арамызда азаматтардың қауіпсіздігі мен конституциялық құқығын қамтамасыз етуде, қызметтік міндеттерін абыроймен атқарып, өздерінің адал еңбегімен үлкен жетістіктерге қол жеткізіп жүрген тергеушілер аз емес. Соның бірі Шиелі ауданының полиция бөлімінің аға тергеушісі Ержан Парменов.

Ол 1981 жылы Сұлутөбе ауылында дүниеге келген. Мектепті үздік бітіргеннен кейін арман қуып, 1998 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, информатика мамандығы бойынша, ал



2002 жылы «Шымкент» университетінде заңгер мамандығы бойынша диплом алған. Жас маман өзінің туған ауылына келіп, еңбек жолын Сұлутөбе ауылдық округі әкімі аппаратында әскери есеп столы маман болып бастап, одан әрі заңгер лауазымына тағайындалып, 2009 жылға дейін абыроймен атқарды.

2009 жылы Сұлутөбе ауылдық округіне учаскелік полиция инспекторы болып тағайындалып, 2014 жылға дейін осы қызметте жүріп көптеген қылмыстың ізін сұыптай ашып, ауыл халқының алғысына бөленген. Көп ұзамай қағиез әрі сауатты қызметкерді

Қызылорда ОПД-ның бұйрығымен басшылық аға анықтаушы қызметіне тағайындайды. Қазір аға тергеуші полиция майоры Ержан Парменов бөлімнің ең тәжірибелі қызметкерлерінің бірі, өткен жылы әртүрлі санаттағы 25 қылмыстық істі тергеп, сотқа жіберген. Оның ішінде кісі өлтіру, бөтен мүлік ұрлықтары, алаяқтық қылмыстар, есірткі қылмыстары тағы да басқа істер бар. Қазір алаяқтық фактілері бойынша қылмыс деректері көбейіп тұрғаны ешкіме жасырын емес. Қылмыстарды тергеушілер зерделеп, олардың алдын алу мақсатында орын алған құқық бұзушылықтарды жою, профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін ҚР ҚПК-нің баптарына сәйкес тиісті органдарға мекемелерге ұсынулар жолдайды.

Тергеуші қылмыстық істі зерттеп қана қоймайды сондай-ақ қылмыстық құқықпен қоса жиі банк ісі, азаматтық және әкімшілік заңнамаларды да оқып қолдана білуі қажет.

Еңбек жолында өсу мен жан-жақты мүмкіндіктер бар, жақсы жалақы одан бөлек қызметтік баспана да қарастырылған. Дегенмен мамандықтың қиын тұсы да жоқ емес. Жұмыс кестесі күн-түн демей еңбектенуді талап етеді. Демалыссыз жұмыс істейтін кездер де болады. Мұндайда отбасындағы бірлік пен берекенің жөні бөлек. Ержан Бегалыұлы жаңысында бұл орайда толық қолдау тауып отыр. Жұбайы – Ботакөз Алдонғарова екеуі аудандағы үлгілі отбасылардың бірі. 1 ұл мен 2 қыз өсіріп, оларға жақсы тәрбие беріп отыр.

Айдар БАҚЫТЖАНҰЛЫ,
сурет автордікі

тартпасын. Аз, көп болса да белгілі мерзімге дейін жазудан ерінбездер. Осыларың Алланың қасында туралық; куәлік үшін мықтырақ және күдіктенбеуге де жақынырақ. Бірақ та өзара қолма-қол алып, беретін әзір сауда болса, жазбауларының оқасы жоқ. Саудаласқан кезде айғақ қойыңдар. Хатшы да айғақ та зиянға ұшыратылмасын. Егер оны істесеңдер, рас күнәлі боласыңдар. Алладан қорқыңдар. Әрі Алла сендерге үйретеді. Сондай-ақ Алла (Т.) әр нәрсені толық білуші».– деп тайға таңба басқандай түсіндірілген.

Демек, көріп отырғанымыздай Алла тағаладан пайғамбарымыз Мұхаммедке (Алланың оған игілігімен сәлемі болсын) келіп түскен соңғы кітабы Құран кәрімде адамдардың хақысына кірмеуіне (құқықтарының бұзылмауы) аса мән беріп, қоғамдық қатынастарды (ата ананы құрметтеу, туыстық қатынастарды үзбеу, үлкенге – ізет, кішіге – құрмет, отбасылық қатынастар, адал мен арамның, ақ пен қараның айырмасын, жетімдердің құқықтарының бұзылмауы, саудадағы адалдық, таразыдан жеудің күнә екенін, т.б) негіздеп, қазіргі уақытта қолданыстағы заң нормаларының бірқатарын 14 ғасыр бұрын бүкіл жер бетіндегі адамзатқа айқындап-айшықтап бергеніне шүбә келтіре алмаймыз.

Әрине, мен ғалым не теолог емеспін, қарапайым заңгер ретінде Құран кәрімде баян етілген бірқатар (қазақша нұсқадағы) сүрелерге өзімнің жеке көзқарасымды жеткізе отырып, баршамызды аталған қасиетті кітапқа тек қана құрметпен қараумен шектелмей, мүмкіндігінше өз қажетімізге пайдалану үшін оқып, зердемізге тоқи жүрейік!

Ғ.БАЕТОВ,
Түркістан-Қызылорда облыстары бойынша Өңіраралық Заң консультанттары палатасының заңгері



БІРЛІКТІҢ
АЙҒАҒЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақша жыл басы, ұлт мейрамының ауқымы 1 күнге сыймайтынын дөп басып айтқан еді. Биыл да дәстүрден жаңылмай жаңа жылды ерекше леппен атап өттік. Ұлыстың ұлы күніндегі онкүндік іс-шараның өрбірі ізгілікке үндеді.

Ұлыстың ұлы күні – жер бетіндегі жалпы саны 250 миллионға жуық түркі жұрты мен Иран, Ауғанстан халқы, Кавказды мекендейтін бірқатар ұлтқа ортақ мереке. Бәлкім содан да шығар, тарихи мыңдаған жылға кететін осынау мейрамды 2009 жылы ЮНЕСКО адамзаттың материалдық емес мұрасының тізіміне қосты. 2010 жылы БҰҰ Бас ассамблеясы халықаралық Наурыз күнін бекітті. Табиғаттың жаңарып, тіршіліктің жанданып, ниеттің тазарып, жақсылықтың, ізгіліктің оянатын шағында Қазақстанның ауыл аймағында қызу тіршілік басталды. Ағаш отырғызып, айналаның жасыл желекке орнауына тағы да тамшыдай болса да ұлес қостық.

Расында, Наурыз – ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға негізделген, көктемнің келуін, жаңа жылдың басталуын бейнелейтін мерекенің бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Наурыз – ағайынды бауырмалдыққа, көрші-қоланды татулыққа шақыратын береке-бірліктің мерекесі. Бұл туралы Ұлы Абай «Қырдағы ел ойдағы елмен араласып, күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып» деп жырлаған. Бұл мейрамды халқымыз тұтас ел болып, бір ұлт болып түйел тойлайды. Яғни Әз Наурыз – нағыз халықтық мейрам. Бауырмалдық, жанашырлық, сыйластық, отаншылдық сияқты қасиеттің бәрі осы ұлық мерекеді көрініс тапқан. Біз – ата жолын қалғаған жұртпыз. Әз Наурыз – жаңару мен жаңғырудың, береке мен бірліктің бастауы. Жылдың бұл мезгілі – күн мен түн теңеліп, жер жүзі қайта түлейтін шақ. Сондықтан ата-бабамыз ежелден шуақты көктем мерекесіне айрықша мән берген, оны Ұлыстың ұлы күні деп ұлықтаған», – деуі тегін емес.

Қазақстанда демографиялық көрсеткіші жағынан қазақ, орыс, өзбек, украин, ұйғыр, татар мен неміс басымдыққа ие болса, осынау 7 ұлттың 4-еуі үшін Наурыз – ұлттық мейрам. Одан бөлек, түрік, әзербайжан, күрд, тәжік, башқұрт, қарашай, балқар, ноғай қатарлы этнос өкілдері де тойлайды. Демек сөз басында айтқанымыздай Наурыз жалпыхалықтық мейрам деген сөз. Ал Шиелі ауданында қазіргі таңда 14 этнос өкілі бар. Олар да шиеліліктермен бірге наурыз мерекесін тойлап, ерекше көңіл-күймен қарсы алды. Ұлыстың ұлы күнінде барлық мейманға, наурыз көже ұсынылды. Қыз-келіншектер оқолы камзол-кейлектерін киме, әр-азаматтар қазақы шапанмен домбырасын күбірлетіле даланы думанға бөледі. Жаңа күн, жаңа жылды жақсылықпен қарсы алды.

Лаура МЫРЗАХМЕТОВА,
Шиелі аудандық тарихи өлкетану музейінің
экспрессоводы




https://osken-onir.kz

Естелік

Қарт қаратаудың соңғы сілемдерінің бірі Шәулімшенің баурайында Еңбекші ауылының орналасқанына да ғасырға жуықтапты. 1929 жылы дорияның арғы бетінен қоныс аударып, көшіп келгендегі үй саны 40-50-ден аспа-са, қазіргі таңда 300-ден аса отба-сы бар. Байдүйсен Оразов, Ұлала Алтайбаева сынды Социалистік Еңбек Ерлері, туған жердің есінде қалған Байтілес Жүсіпов, Сұлтанхан Төрениязов, Маулен Бәтшов сынды ел ағалары, Бексейіт Алсейітов, Сүлеймен Өмірәлиев сынды еңбек майталмандарының Бағлан Әшірбеков, Ринат Оралсейітұлы сияқты ел аузындағы кесіпкерлердің кіндік қаны тамған жер.

Еңбекшіліктер кейде сөз арасында өздері туралы жақсы пікір, тапқырлық, шешендік туралы айтылып қалса біз тау халқымыз деп желпініп қалатыны бар. Бүгінгі ой түрткімде осы сөздің қалай шыққаны, кімнің аузынан шыққаны, қай кезде айтылғаны жайлы айтсам деймін, әрбір келелі сөздің, ой-пікірдің шығу тарихын келешек ұрпақтың білгені дұрыс. «Тау халқы» аталып кеткен азғантай шешен ұлты өз тәуелсіздігі үшін Ресейдей алып империямен қаншама жыл қайыспай шайқасты. Сондықтан да «Тау халқы» де-ген атақтың өзі еңбекшіліктер үшін үлкен мәртебе, абырой екенін баса айтқымыз келеді. 1983 жылы тамыз айында ауданға бірінші хатшы болып Сейілбек Шаухама-нов сайланды. Ол өзінің білімдігімен, парасатымен келген күннен бастап-ақ ел назарына іліне бастады. Өткізген әрбір бю-росы 4-5 сағатқа созылатын, айтқан сөзін қайталамайтын, бюродағы мәселені үлкен-кіші деп бөлмейтін, әрбіріне мұқият мән беретін, бос сөзбен жұртты зеріктірмейтін, анда-санда жұртты күлдіріп алып жалғастыра беретін. Шиелі халқының парасат-пайы-мын ерекше бағалайтын. Аудан халқы ерте сауаттанған, біріміз Шиеліге бірінші басшы болуға таласатынбыз. «Маған Шиеліге бірінші басшы болу бақыты бұйырғанына Алланың



алдында, елдің алдында қарыздармын» деп Шиелінің мерейін өсіріп отыратын. Бірінші хатшы болғаннан кейін аудандық атқару комитетінің төрағасы Әзімхан Смайлов ағамызға құрметі ерекше болды. Колхоз совхоздарды аралаған кезде машинасының алдына отырғызып алатын, бюро мәжілісінде де Әзекеннің пікіріне сүйеніп, ақылдасып отыратын. Шаухамановпен қызметтес болған жылдар ағамыздың өміріндегі ең бір шуақты жылдары болды деп айтсақ қателеспейтін сияқтымыз.

Біздің совхозға 1983 жылы 13 қазан күні

аудан басшылары келетін болды. Сүдігер науқаны қызу жүріп жатқан кез. Құржымбай базында дала қосын ұйымдастырып, төбесіне қызыл жалау іліп, сүдігер жырту науқанын сапалы аяқтайық деп лозунг іліп қойғанбыз. Совхоз директоры Ж.Баетов және мен партком хатшысы кәсіп одақ комитетінің төрағасы Б.Әлжапаров т.б совхоз активтері күтіп тұрмыз. Көп ұзамай бірінші хатшының мәшинесі қасымызға келіп тоқтады, алдыңғы орыннан аутом төрағасы А.Смайлов, артық орындықтан С.Шаухаманов түсті. Жапа тармағай бір-бірлеп амандасып жатыр-

3

№24 (9291)
5 сәуір
сенбі,
2025 жыл

мыз. Әзекен біртіндеп таныстырып жа-тыр, Шаухаманов үндемей тыңдап тұр, бірақ жүзі күлімсіреп, бірдеңе айтқысы келген сыңайлы. Әзекен таныстырып бо-лып, «Еңбекші ауылында орта жүздің нөкта ағасы бірыңғай тарақтылар тұрады» деген кезде Шаухаманов: «Қайдам, Әзеке, сіз тарақтылар тұрады дейсіз, бұлардың ішінде қазаққа ұқсайтын ешкім жоқ қой» деді. Сол кезде Әзекен күлімсіреп тұрып: «Иә, Сәке, бұлар тау халқы ғой» деді. Шынында барлап қарасақ біздің ішімізде қазаққа ұқсайтын ешкім жоқ екен. Мен де Берікқара да қазаққа онша келмейміз, Орал – грузин сияқты, бас инженер Оралхан – басына армияндар киетін төбесі жалпақ бас киім киген екен, армияннан аумай қалыпты, басқаларында да сондай ұқсастық бар. Міне, Әзекеннің осы сөзі күні бүгінге дейін маңызын жоймай, қырық жылдан бері айтып келе жатырмыз. Әзімхан ағамыз болмысында сыпайылықтың симво-лындай ерекше жаратылған жан еді. Ешкімге дауыс көтермейтін, мен бастықпын деген кеудемсоқтығы жоқ, қарапайым болатын. Шаухаманов та Әзекеннің қадір-қасиетіне жете білді, үлкен құрметпен ағасын еңбек демалысына шығарып салды. Әзекен кезінде Шиелінің менмін деп жүрген атқа мінер аза-маттарына қамқор болған, ағалығын жасай білген азамат еді. Зейнетке шықса да елге қамқорлығын аяған жоқ, көп жыл аудандық ардагер кеңесін басқарды. Сейілбек ағамыз Әзекенді соңғы сапарға шығарып салуға кел-генде де Шиелінің атқа мінер азаматтарының жасап жатқан тірлігіне риза болмай: «мен Әзекене жасап жатқан құрметке қарап ренжіп тұрмын, Әзекен бәріңді тәрбиеледі өсірді, ағалық қамқорлығын жасады, сен-дер ең болмаса ағаларыңды ақтық сапарға шығарып салғанда сол мойындарыңдағы қарыздарыңды қайтармайсыңдар ма?» деп бәрін қайтадан ұйымдастырған екен. Ағасын соңғы сапарға шығарып салған ағамызда ешкімге салмақ салмай көзді ашып-жұмғанша ақтық сапарға аттануы да ғажап.

Міне біздің ұрпақтарымыз бізге «Тау халқы» деген атақты сыйлаған атақты аталарының аузынан шыққан ұрпақтан-ұрпаққа кететін қасиетті баға екенін білген дұрыс деп есептедік. «Тау халқы» деген атағымызға сай ұрпағымыз адалдықтың, тазалықтың бұлағынан сусындаса дегіміз келеді.

Есіркеп ШӘДІБЕКҰЛЫ,
Шиелі ауданының құрметті азаматы

Мәселе

Технологиялар мен интернет байланысының қарқынды дамуы нәтижесінде әлеуметтік желілер адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Смартфонға сымсыз байланып, желінің жетегінде кет-кен жас буынның өке-шешесі де көп жағдайда бақылай алмай жатады. Ресми деректі сәйлөтсек, елімізде ата-аналардың 62 пайы-зы балаларының ғаламтордан не көріп, оған не жариялап жатқанынан бейхабар.

ШЕКТЕУ НЕМЕСЕ ЕРКІНДІК

Әлемде әлеуметтік желілердің жастарға теріс әсерін зерттеген мамандар бұл мәселенің қаншалықты маңызды екенін айтады. Жасөспірімдер мен балалар арасында депрес-сия, күйзеліс, тәуелділік, шынайы өмірден ажырау, әлеуметтік дағдылардың төмендеуі сияқты мәселелер жиі байқалау. Әлеуметтік желілердің үздіксіз контентімен байланысты қиындықтар жасөспірімдерді ұйықтамауға, өзіне сенімсіз болуға және шынайы өмірмен байланы-сын жоғалтуға әкеп соғуда. Осылайша, қазіргі жас буынның психоэмоционалды денсаулығына деген қауіп бар.

Таяуда ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Жарқынбек Амантай құзырлы министрліктерге арнайы сауал жолдады.

– Бұл – төрткүл дүниеге дабыл қақтырып отырған мәселе. Әлемдік деңгейде белгілі психологтар әлеуметтік желі жастар арасында депрессияны күшейтіп, назар аудару қабілетін төмендетіп, тәуелділік тудырып, адамдар-мен шынайы қарым-қатынасты әлсірететінін дәлелдеген. Әлеуметтік желінің рухани-мәдени зиян-залалын қазірдің өзінде сезініп отырымыз. Халықаралық Kaspersky Lab компаниясы өткен жылы жүргізген сауалнамаға назар аударсақ, санаға салмақ түсіріп, көңілге мұң әкеледі. Ондағы деректерге сәйкес, Қазақстандағы балалардың 88 пайызында жеке смартфон бар. Ал оның 28 пайызы бар бос уақытын гаджетте өткізетіні белгілі болды. Жасөспірімдердің 74 пайызы TikTok-ты, 59 пайызы – YouTube-ты, 57 пайызы Instagram-ды белсенді пайдаланады. Әрбір бесінші ата-ана өз баласының әлеуметтік желілердегі парақшасында қандай ақпарат жарияланғанын білмейді. Ата-аналардың 62 пайызы балаларының экран алдындағы уақытын бақылау үшін ешқандай арнайы бағдарлама мен шектеу қолданбайды, – дейді Мәжіліс депутаты. Әлеуметтік желіге деген тәуелділіктің зар-

ЖЕЛІЛЕР ЖЕТЕГІНДЕГІ ЖАС БУЫН



дабы ауыр. Әлем елдері оны психологиялық аурудың бір түрі ретінде дабыл қағып, салда-рымен күресуді бастап та кетті. Мәселен, қазір Оңтүстік Корея мен Канада ондаған сауықтыру орталығын ашып, заманауи гаджеттерге тәуелділерді күштеп сауықтыруға кірісіпті.

Мәжіліс депутаты желіге желіккендер психологиялық, физикалық, әлеуметтік қиындыққа тап келіп жатқанын тілге тиек етті. Ғаламторға тәуелді жасөспірімдер арасында психологиялық ауытқуларға тап болу көрсеткіші 2,5 есе жоғары болса, депрессияға шалдығу ықтималдығы 3 есеге көп.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Бұл мәселе тек Қазақстанды ғана емес, күллі әлемді алаңдатуда. Әлеуметтік желілерді шектеу туралы шешімдер көптеген елде қабылданып жатыр. Олардың қатарына Қытай, Оңтүстік Корея, Франция, АҚШ, Австралия және

тағы басқа дамыған елдерді жатқызуға болады. Мысалы, Қытайда балаларға кешкі 22:00-ден таңғы 6:00-ге дейін смартфон қолдануға тыйым салатын заң жобасы ұсынылды. Оңтүстік Корея мен Канада заманауи гаджеттерге тәуелділіктен зардап шеккендер үшін арнайы сауықтыру орталықтарын ашып, бұл мәселені жүйелі түрде шешуге тырысуда. Францияда да мектеп жасындағы балалардың телефон қолдануын реттейтін заңдар бар. Бұл шектеулердің мақсаты – балаларды психологиялық және әлеуметтік тұрғыда дұрыс қалыптастыру және олардың дұрыс даму жағдайларын қамтамасыз ету.

Қазақстан да бұл мәселеге бей-жай қарамайды. ҚР Парламенті депутат-тары мен тиісті министрліктер әлеуметтік желілердің жасөспірімдерге тигізетін зия-нын зерттеу және оған қарсы шаралар қабылдау бойынша нақты ұсыныстар жасауды

ұсынып отыр. Бұл ұсыныстарды жүзеге асы-ру үшін ведомствоаралық топтар құрылып, жасөспірімдерге арналған шектеулер мен қадағалау жүйелерін әзірлеу қажет.

ПІКІРЛЕР АЛАҢЫ

Бұл мәселеге қатысты көпбалалы ана Анаргүл Рахымқызының пікірі де ерекше назар аударады. Ол өз балаларының смартфонда-рын толық бақылап отыру мүмкін емес екенін айтады.

– Балаларымың алды студент. Төрт балам мектепте білім алады. Қазір ұялы телефон қажеттілік болғаннан кейін бәріңде бір-бір смарт-фон бар. Мектеп жасындағы ұл-қыздарымың ғаламторда не көріп, не оқитынын бақылай аламын. Тәртіп бұзса, телефонды бір аптаға алып қойып, жазалайтыным да бар. Ал студент балаларымды толық қадағалаймын деп айта алмаймын. Өйткені қазіргі жастар біз білмейтін ғаламтордың мүмкіндігін жақсы пайдалана алады. Оларды әлеуметтік желіден шектеу мүмкін емес. Бірақ дұрыс жүріңдер, жамандық атаулыдан аулақ болыңдар деп ақылымды жиі айтамын, – дейді көпбалалы ана.

Ал 4-курс студенті Жанася Ысқақ жастардың бәрін әлеуметтік желіден шектеу дұрыс емес деп ашық ойын білдірді.

– Қазір студенттерді смартфонсыз еле-стету мүмкін емес. Өйткені сабаққа қажет қосымша білімді ғаламтордан аламыз. Өзім әлеуметтік желінің көмегімен ағылшын тілін де меңгерудемін. Арнайы қосымша жүктеп алғанмын. Бұдан бөлек, такси қызметі, банк картасы, цифрлық құжаттардың бәрі – теле-фонда ғой. Әр адам өзіне қажет дүниені әлеуметтік желіден алады. Елімізде болып жатқан оқиғалардың бәрін интернеттен білеміз. Бұл мәселеге біржақты көзқараспен қарамай, оның пайдасын да ескерген жөн, – дейді сту-дент.

Әлеуметтік желілердің жастарға әсері айқын және оның зияны да аз емес. Бұл тек баланың психологиялық жағдайына ғана емес, оның әлеуметтік, физикалық жайына әрі білім алуына да ықпал етеді. Сондықтан жастарды әлеуметтік желілерден шектеу мәселесі өте өзекті. Бала тәрбиесінде басты нәрсе – бақылау мен еркіндіктің арасындағы дұрыс теңгерімді табу.

Мемлекет тарапынан әлеуметтік желілердің пайдалану уақытын шектеу, оның қауіптерінен қорғау және ата-аналарға көмек көрсету үшін қажет жүйелерді құру – бұл келешек ұрпақтың денсаулығы мен тәрбиесі үшін маңызды қадам. Әлеуметтік желілердің тек теріс ықпалына ғана емес, оның тиімді жақтарына да көңіл бөлу керек.

С.МАДИЯРОВА

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«РҮ-6» жшс Қазақстан Республикасы экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2025 жылдың 14 ма-мыры күні сағат 10:00-де Шиелі ауданы, Шиелі кенті Көкшоқы мөлтек ауданында И.Әдбiкәрiмов №8 ме-кен жайында «2024 жылға № 1-1-2, 9-115-3, 6-8-1, 2025 жылға № 6-6-1, 5-4-1, 6-6-2, № 8-12-1, 8-12-2, 6-2-1, 6-2-2, 6-4-1, 6-4-2, 2-12-1, 2-14-2 2026 жылға арналған блоктарды жайластыру үшін қоршаған ор-таны қорғау бөлімі» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Географиялық координаттары: солтүстік қараму-рун кен орнының өндіру учаскесінің координаттары 44°06'44,77" С.Ш., 66°47'56,19" В.Д., 44°06'43,86" С.Ш., 66°49'09,93" В.Д., 44°05'46,23" С.Ш., 66°49'16,44" В.Д., 44°05'46,14" С.Ш., 66°47'24,22" В.Д.; Оңтүстік қараму-рун кен орнының өндіру учаскесінің координаттары - 44°00'18,77" С.Ш., 66°49'30,58" В.Д., 44°01'11,10" С.Ш., 66°49'47,76" В.Д., 44°02'29,01" С.Ш., 66°52'19,14" В.Д., 43°59'48,24" С.Ш., 66°51'37,71" В.Д..

Біріңғай экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: https://ecoportal.kz/ және жао веб-сайты https://www.Gov.Kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?Lang=ru.

Zoomконференция:https://us05web.Zoom.Uс/j/6790674661?Pwd=wjdbwdpxlrhhly962uejaj1llbcv60.1&Omn=8151396063 конференция идентификаторы: 679 067 4661 кіру коды: 76ерза

Жергілікті атқарушы органның электрондық ме-кен жайы және пошталық мекен жайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пай-далануды реттеу басқармасы: prd@korda.Gov.Kz, қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, № 1, тел: 8-(7242)-60-53-62

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі.

Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық портал-да және http://tabigat.E-kyzylorda.Gov.Kz сайтында беріледі.

Жоспарланған іс-шараның бастамашысы: «РҮ-6» жшс. БСН 060440002000. Занды мекен жайы: Қызылорда облысы Шиелі ауданы, Бөйтерек ауылы, Бидайкөл ауылы, Бидайкөл шаңқалы, 3-бет. Жоба құрастырушы: «казинэкопроект» жж, тел: 8-701-112-60-99, e-mail: nastya_seta@mail.Ru. «

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

Тоо «РҮ-6» в соответствии с требованиями статьи 96 экологического кодекса Республики Казахстан, со-общает, что 14 мая 2025 года в 10:00 по адресу: Кы-зылординская область, Шииелынский район, поселок Шиелі, микрорайон Кокшоқы, улица и.Абдукаримов №8 состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «раздел охраны окружающей среды «обустройства блоков № 1-1-2, 9-115-3, 6-8-1 на 2024 год, № 6-6-1, 5-4-1, 6-6-2 на 2025 год, № 8-12-1, 8-12-2, 6-2-1, 6-2-2, 6-4-1, 6-4-2, 2-12-1, 2-14-2 на 2026 год.»

Географические координаты: месторождения северный қарамурун 44°06'44,77" с.Ш., 66°47'56,19" В.Д., 44°06'43,86" С.Ш., 66°49'09,93" В.Д., 44°05'46,23" С.Ш., 66°49'16,44" В.Д., 44°05'46,14" С.Ш., 66°47'24,22" В.Д.; Координаты добычного участка месторождения южный қарамурун - 44°00'18,77" с.Ш., 66°49'30,58" В.Д., 44°01'11,10" С.Ш., 66°49'47,76" В.Д., 44°02'29,01" С.Ш., 66°52'19,14" В.Д., 43°59'48,24" С.Ш., 66°51'37,71" В.Д..

Ссылка на единый экологический портал и офици-альный интернет-ресурс местного исполнительного органа: https://ecoportal.kz/ и сайт mio https://www.Gov.Kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?Lang=ru. Zoom конференция:https://us05web.Zoom.Uс/j/6790674661?Pwd=wjdbwdpxlrhhl y962uejaj1llbcv60.1&Omn=8151396063идентификат ор конференции: 679 067 4661 код доступа: 76ерза Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.Gov.Kz, г.Кызылорда, улица Бейбарыс Султан, № 1, тел: 8-(7242)-60-53-62

Все замечания или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на едином экологическом портале.

В случае введения чрезвычайного положения или ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, обществен-ные слушания будут проводиться в онлайн-режиме.

Активная ссылка будет предоставлена на едином экологическом портале и сайте http://tabigat.E-kyzylorda.Gov.Kz.

Инициатор намечаемой деятельности:

Тоо «рү-6» бин 060440002000. Юридический адрес: Кызылординская обл. Шииелыский р/н, с/о Байтерек , село Бидайколь, урочище Бидайкол,стр.3. Разработчик: ип «казинэкопроект», тел: 8-701-112-60-99, e-mail: nastya_seta@mail.Ru.

ШИЕЛІ АУДАНЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

07.04.2025 жылы Шиелі кенті, Ақмая, 22 Бекет, Полуказарма, Қодаманов, Бекежанов, Бидайкөл, Еңбекші, Жиделіарық елді мекендерінде:

08.04.2025 жылы 21 Бекет, Жансейіт, Ортақшыл, Жахаев, Байсын, Көкшоқы мөлтек ауданы елді мекендерінде:

09.04.2025 жылы Алғабас, Бестам, Тәжібаев, Алмалы, Досбол би, Жөлек, Бәйгекұм, Бала би елді мекендерінде:

10.04.2025 жылы М.Шоқай, 1 Мамыр, Бірлестік, Майлытоғай елді мекендерінде:

11.04.2025 жылы Тартоғай, Буланбай бауы, Бо-табай елді мекендерінде ауыз жүйелерінде жоспарлы көктемі жуу-шаю және зауыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауыз суды пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

Анықтама тел.: 8(72432) 4-19-99, 4-13-17

«Сыр суы» филиалының «Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Сәулебеков Еркінбек Бекбайұлының атына берілген мемлекеттік белгісі 463 ВМА 11 санды ВА3 21213 көлігінің тех.паспорты және жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Нұрмбетов Бекзатің атына берілген ВА3 2106 жеңіл көлігінің 135 АОА 01 санды мемлекеттік белгісі және тех.паспорты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ КӨҢІЛГЕ НҰР ҚҰЯР



Адам баласы жарық дүние есігін ашқан сәттен бастап өмірі өнермен жалғасын табады. Сайып келгенде біздің жай ғана тіршілік я болмаса күнкөрістің қамы деп жүрген әрекетіміздің түбінде де өнер ұшқыны жатуы мүмкін. Алайда оған өнер деп қарап, баға беріп, өрмен қарай дамытып, өнер атты киелі ұғымды арқалап жүретіндер де бар. «Өнердің дамуы – қоғам дамуының көрінісі. Өнер көре білу мен сезіне білуге үйретеді, оның өзі де әлдебір тіл тәрізді және оның бойында зор қасиет бар» демекші өнердің сан түрі болғанымен, оның адам баласына беретін пайдасы мен қасиеті зор. Оның ішінде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше.

Көркем әдебиет адамның байқағыштық, сезімталдық, көркем ой-қиялдан ләззат ала білу секілді қабілеттерін күшейте түседі, эстетикалық сезімін байытып, өмірге жаңа көзқараспен қарауға үйретеді. Бұдан бөлек әдебиет адамды биік қоғамдық идеялар мен зор арман-мұраттарға жетелейді. Адамгершілік пен еңбексүйгіштікке, табандылыққа баулиды және адалдық үшін күресуге насихаттайды. Әдебиет адамға өнерді ғана үйретіп қоймай, оны өмірге жетелейді, өмірге деген көзқарасын қалыптастырады, мінез-құлқы мен турмыс-тіршілігіне ықпал етеді. Көркем әдебиет адамның бүкіл ой-қиялын, сыр-мінезін, ішкі жан дүниесін түгел баурайды. Көркем әдебиет арқылы адам құанады, сүйсінеді, таңданады. Осындай шығармаларының арқасында көркем әдебиет тілі адамның көңіліне нұр құйып, саналы да сапалы өмірге жетелейді. Әдебиет арқылы адам өмірді тани бастайды. Жан-жағына деген жаңаша көзқарас қалыптастырып, ойлау қабілеті дамиды. Көркем әдебиетпен дос болғандардың өмірі жарқын, көңілі дархан болары сөзсіз.

Айнұр ИБРАШЕВА



АЙНА

ПРОМЕТЕЙ

(Жазушы Серік Байхоновтың өмірден өткеніне жыл толды)

Аноуу, алыста, ала бұлттардың ар жағында, әдебиет әлемінің «Олимп» тауларында не болып жатқанын біз біле бермейміз. Әлде бір жарқындар бар, әлде бір оттардың ойыны бар, найзағайлардың шашырап түскен сынықтары бәлкім бізге де жетіп жан жағымызда шашылып жатқан шығар, біз оған мойын бұрып қарамайтын сияқтымыз. Құлақта – дыбыс жұтқыш қондырғы, қолымызда күллі әлемнің көбігін қызықтатып жыпылықтаған сиқырлы айна. Аспан әлемі бәлек, жер дүниесі бәлек, бір кездері рухани қазына байлығымыздың кені болған кітаптар бүгінгі күні баяғы бабаларымыздың ата салтты аруағы сияқты ғана құнды, ал күнделікті тіршілігімізге еш керексіз кене дүние болып қалды. Қалың томдардағы пайғамбар тектестердің құдіретті сөздерінен гөрі алақайлаған ақпараттар, қысқа қайырымды сенсациялар мен мән мағынасы жоқ арзан әзіл-қалжың, қылжақтар және микрофонның танауына тығып жіберердей тақап ирелеңдеген әлеуәуәлім әншілердің айқай сүреңі ғана қасиетті болып тұр.

